

АНТИСЕПТИКА

жараға түскен инфекцияға
қарсы бағытталған шаралар
кешені

Антисептика түрлері

- **Механикалық**
- **Физикалық**
- **Химиялық**
- **Биологиялық**

Механикалық антисептика

Жараны жуып тазалау

1. Іріңді экссудатты алып тастау.
2. Ұйымалар-ды алып тастау.
3. Жараның бетін тазалау.

ЖБХӨ

1. Жараны тілу.
2. Жараны тексеру.
3. Жараның ернеуін, қабырғаларын, түбін және онда орналасқан бөгде заттарды, гема- томаларды сылып алып тастау.
4. Зақымдалған тіндерді қалпына келтіру.
5. Тігіс салу.

ЖЕХӨ

1. Өліеттенген тіндерді кесу.
2. Бөгде заттар мен ұйымаларды алып тастау.
3. Іріңді қалталарды тіліп ашу.
4. Жараға дренаж қою.


Басқа да операциялар

1. Іріңдіктерді тіліп ашу.
2. Іріңді қалталарды тіліп ашу .
3. Іріңдіктерге пункция жасау.

Физикалық антисептика

әртүрлі физикалық
факторларды (*ультрадыбыс,
сәулемен емдеу, лазерлі
скальпель, дренаждар,
тампондар қою және т.б.*)
қолдана отырып, жараларды
тазалау

Физикалық антисептика



Химиялық антисептика

**Химиялық антисептика деп –
патологиялық ошақта
немесе адам денесінде
және оны қоршаған
ортадағы микробтарды
жою мақсатымен химиялық
заттарды қолдануды
айтамыз.**

Антисептиктің жіктелуі

- Дезинфекциялық заттар – асептикада құрал-саймандарды өңдеу, бөлмелердің қабырғаларын, еденді жуу, жалпы күтім заттарын өңдеу үшін қолданылады.
- Антисептикалық заттар – терінің сыртын, хирургтың қолын өңдеуде, жараны және кілегей қабатты жуып шаюда қолданылады.
- Химиотерапевттік заттар – әртүрлі патологиялық ошақтағы бактериялардың өсіп-өнуін тежейтін, адам денесіне резорбтивті әсер ететін, ішке енгізілетін заттар.

Галлоидтар тобы

- **1-5% йод** – спирттік тұндырма. Хирургтың қолын, операциялық алаңды өңдеуде, таңу кезінде қолданылады. Айқын құрғатып, бітеу әсерін көрсетеді.
- **1% йодиол ерітіндісі** – «көк» йод. Сыртқы қолдануға арналған.
- **Йодонат пен йодопирин** – йодтың органикалық қосылысының 1% ерітіндісі. Сырттай жағу, негізінен операциялық алаңды өңдеу үшін қолданылады.
- **0,1-1% йодонат-йодин** – сыртқы қолдануға арналған, бос йодтың органикалық қосылыстары. Операциялық алаңды және жараларды өңдеу үшін пайдаланылады.
- **Люголь ерітіндісі** – құрамында йод пен калий йодиді (сулы және спирттік ерітінділері) бар. Препарат біріктірілген түрде әсер етеді. Кетгутты залалсыздандыру үшін және химиотерапевттік зат ретінде, қалқанша безі ауруларын емдеуде қолданылады.
- **Хлорамин Б** – 1-3% ерітінділер. Тұрмыстық заттарды, резеңке құрал-саймандарды, бөлмелерді өңдеуде қолданылады.

Ауыр металл тұздары

- **Сулема** – 1:1000 ара-қатынасындай концентрацияда қолғаптарды, аспаптарды, жібек жібін залалсыздандыру барысында кезеңдердің бірі ретінде қолданылады. Қазіргі кезде өзінің улылығына байланысты пайдаланылмайды.
- **Сынап оксицианиді** – дезинфекциялық зат. 1:10000, 1:5000 ара-қатынасындай концентрацияда оптикалық құрал-саймандарды залалсыздандыру үшін қолданылады.
- **Күміс нитраты** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. 0,1-2% ерітіндісі көздің конъюнктивасын, шырышты қабаттарды жуу үшін қолданылады. 5-20% ерітінділері күйдіргіш әсер көрсетеді.
- **Протаргол, колларгол** – сыртқы қолдануға арналған, тұтқыр және қармаушы әсері бар антисептикалық зат.
- **Мырыш оксиді** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. Көптеген себу ұнтақтарының құрамына кіреді.

Спирттер

- ***Этил спирті*** – дезинфекциялық (тігіс жіптерін залалсыздандыру, құрал-саймандарды өңдеу үшін) және сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат ретінде хирургтың қолын, операциялық алаңды, жараларды өңдеуде, компресс салғанда қолданылады. 70⁰ спирт – антисептикалық, ал 96⁰ –антисептикалық және теріні құрғатып бітеу әсерлерін көрсетеді.

Альдегидтер

- **Формалин** – формальдегидтің 37% ерітіндісі. Күшті дезинфекциялық әсер көрсетеді. 0,5-5% ерітінділері қолғаптарды, дренаждарды, құрал-саймандарды залалсыздандыру үшін қолданылады. Антипаразитарлы зат ретінде эхинококкозды емдеуде тиімді, сонымен бірге биопсиялық препараттарды тұрақтандыру үшін қолданылады. Құрғақ күйінде газды залалсыздырғыштарда оптикалық құрал-саймандарды (лапароскоптар, эндоскоптар және т. б.) өңдеу үшін қолданылады.
- **Лизол** – күшті дезинфекциялық әсер көрсетеді. 2% ерітіндісі күтім заттарын, бөлмелерді, ластанған құрал-саймандарды өңдеу үшін пайдаланылады.

Фенолдар

- **Карбол қышқылы** – күшті дезинфекциялық әсері бар. Қазіргі кезде тек басқа заттардың құрамында ғана қолданылады. Мысал ретінде, **үштік ерітінді** – 20г. формалиннен, 10г. карбол қышқылынан, 30г. сода мен дистилденген судан тұрады. Құрал-саймандарды, күтім заттарын өңдеуде пайдаланылады.

Бояғыштар

- **Бриллиант жасылы** – жараларды сырттай өңдеу үшін қолданылатын антисептикалық зат. Бұрын Баккал әдісі бойынша операциялық алаңды өңдеуде пайдаланылған.
- **Метилен көгі** – сыртқа және ішке пайдаланылатын антисептикалық зат. Жараларды жуып-шаю үшін, сонымен қатар урологиялық тәжірибеде қуыққа шығарылатын боялған зәр арқылы бүйректің қызметін анықтауда; хирургияда – жыланкөздерді кесіп алып тастағанда, олардың өзегін сырлау үшін қолданылады.

Қышқылдар

- ***Бор қышқылы*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. 2-4% ерітінділері жараларды жуып шаюда пайдаланылады. Көк-іріңді таяқшаны жоятын өте күшті әсері бар.
- ***Салицил қышқылы*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. Іріңді жараларды емдеуде пайдаланылады.

Сілтілер

- ***Мүсәтір спирті*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. Бұрын Спасокуккоцкий-Кочергин әдісі бойынша хирургтың қолын өңдеуде пайдаланылған.

Тотықтырғыштар

- ***Сутегінің асқын тотығы*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. 3% ерітіндісі іріңді жараларды жуып-шаюда, қансырауды тоқтатуда қолданылады; оның жағымсыз иісті кетіретін (дезодорациялық) және көбік түзетін айқын әсері бар. 6% ерітіндісі асептикада анаэробты микробтармен инфекциямен инфицирленген құрал-саймандарды өңдеуде пайдаланылады.
- ***Калий перманганаты*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. 2-5% ерітінділері іріңді жараларды, күйіктерді емдеуде пайдаланылады. Дезодорациялық әсер көрсетеді, антианаэробты белсенділігі бар.

Детергенттер

- ***Хлоргексидин биглюконаты*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. 0,5% спирттік ерітіндісі хирургтың қолын, операциялық алаңды өңдеуде қолданылады.
- ***Церигель*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. Қаптаушы (пленка түзуші) әсері бар.
- ***Дегмин, дегмицид*** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. Хирургтың қолын, операциялық алаңды өңдеуде пайдаланылады.

Нитрофуран туындылары

- **Фурациллин** – сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. Іріңді жараларды, шырышты қабаттардың инфекцияларын емдеуде пайдаланылады.
- **Лифузоль** – құрамында фурациллин, линетол, қара май, ацетон бар. Сыртқы қолдануға арналған антисептикалық зат. Пленка ретінде жағылады.
- **Фурадонин, фурагин, фуразолидон** – химиотерапиялық дәрілер немесе уросептиктер. Несеп шығару жолдарының инфекцияларын емдеуде қоланылады.

8-фторхинолон туындылары

- ***Нитроксалин (5-НОК)*** – химиотерапиялық дәрі, уросептик.
- ***Энтеросептол, интестопан*** – ішек инфекцияларында қолданылатын, химиотерапевттік заттар.

Хиноксалин туындылары

- ***Диоксидин*** – 0,1-1% сулы ерітінділері іріңді жараларды, сірлі (серозды) қуыстарды, жыланкөздерді емдеуде қолданылады.

5-нитроимидазол тобының дәрілері

- **Метронидазол (трихопол, метрид, метрогил)** – кең спектрлі химиотерапиялық зат. Іріңді жараларды емдеуде қолданылады. Вишневский майының құрамына кіреді.

Қара майлар

- ***Хлорфиллипт, эктерицид, бализ, календула*** – антисептик ретінде сыртқы қолдануға арналған.

Сульфаниламидтер

- Бактериостатикалық әсері бар химиотерапевттік заттар.
- Оларға ***стрептоцид, этазол, сульфадимезин, сульфазин, сульфадиметоксин, сульфален, бактрим немесе бисептол*** жатады. Арнайы жобамен (кестемен) энтеральді тағайындалады.

Биологиялық антисептика

- Биологиялық антисептика екі бағытта әсер етеді:
- **1.Тікелей әсер** – микроорганизмдерге тікелей әсер ететін, табиғаты биологиялық болып келетін фармакологиялық заттар.
- **2.Тікелей емес әсер** – макроорганизмнің микроорганизмге қарсы тұру қабілеттін ынталандыратын фармакологиялық заттар.

Антибиотиктер

- микроорганизмдерден бөлінетін, белгілі бір микроорганизмдердің топтарының өсіп-өнуін және дамуын тежейтін заттар.

Антибиотиктердің негізгі топтары

- ***Пенициллиндер. Стрептомициндер. Тетрациклиндер***
- ***Макролидтер. Аминогликозидтер . Левомецетиндер***
- ***Рифампициндер . Саңырауқұлақтарға қарсы антибиотиктер***
- ***Цефалоспориандер. Карбапенемдер***
- ***Гликопептидтер .***

Антибиотиктермен емдегенде кездесетін негізгі асқынулар:

- аллергиялық реакциялар;**
- ішкі ағзаларға токсикалық әсер етуі;**
- дисбактериоз;**
- микроорганизмдердің тұрақты штаммдарының түзілуі.**

Протеолиттік ферменттер

- жануар тектес (трипсин, химотрипсин, химопсин);
- өсімдік тектес (териллитин, ируксол);
- табиғаты бактериальді болып келетін (стрептокиназа, имозимаза).

Иммунды заттар

- белсенді иммунизация үшін – анатоксиндер;
- белсенсіз иммунизация үшін – гипериммунды антистафилококкты сарысу, антистафилококкты гамма-глобулин, сіреспеге, ганренаға қарсы сарысулар;
- бейспецификалық иммуномодуляторлар: продигиозан, левамизол, лизоцим, тималин, Т-активин, иммуномодулин, интерферон, циклоферон, ридостин және ронколейкин.